

Шайхиева Куланда Мактаповна

старший преподаватель

Шаудирбаева Назкен Конакбайкызы

студентка

Каспийский государственный университет

технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова

г. Актау, Республика Казахстан

БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛЫН ІЗДЕСТІРУ

***Аннотация:** инженерная графика является новым предметом для студентов, поэтому проблема обновления информации и чтения новой графической информации занимает много времени, но ее можно сократить до качественного чтения только при интенсивном использовании мышления и методов работы. Поэтому при разработке лекций авторами рассматривается моделирование предоставления конкретной информации по теме, определенной во взаимосвязи между законом об образовании и учебе.*

***Ключевые слова:** студент, технология, инженерная графика, моделирование.*

***Аннотация:** Инженерлік сызба студенттерге жаңа пән, сондықтан ақпаратты өзектілеуіндегі және жаңа графикалық ақпаратты оқу мәселесінің шешілуі көп уақытты талап етеді, бірақ ойлау және жұмыс тәсілдерін қарқынды пайдалану жағдайында ғана сапалы оқу үшін қысқартылуы мүмкін. Сондықтан дәріс үлгілерін жасағанда, тәрбиелеу және оқыту заңдылығының өзара байланысында анықталған тақырып бойынша нақты ақпаратты жеткізуді үлгілеу қарастырылады.*

***Кілт сөздері:** Инженерлік сызба, технология, модульдеу, студент.*

«Инженерлік сызба» пәнін оқытудың түріне тәжірибелік сабақтар жатады. Нұсқаулықтың осындай үлгілерінде, бұйымдарды және иллюстрацияларды, репродуктивті барынша көп өздік жұмыстарды, сондай-ақ, шығармашылық деңгейді қолданады. Бұнда репродуктивті деп отырғанымыз, пәннің спецификалы сипаты сызықтар, оның көлемін оқытушы ұсынған үлгіде болуы

дегенді аңғартады. «Инженерлік сызба» пәніне оқытудың тиімділігі және білім берілуі қанша ойластырылған болса да, оған білім берудің субъекті бола алатын студент бағытының қалыптасқанына байланысты және оған тәуелді. «Инженерлік сызба» пәнін шығарылған үлгіге және технологияға сәйкес тәжірибелік сабақтарында ұйымдастыру ерекшеліктерін мәліметтеп қарастыру негізгі нысанаға алынады. Неғұрлым «Инженерлік сызба» пән курсы геометриялық және проекциялық сызбаның барлық негізгі стандарттарымен танысуды көздейтін болса, соғұрлым курстың басында дәрісте сол туралы теориялық қалпының негізі беріледі. Студенттермен орындалған үйрену тапсырмалары тексеріледі және студенттерге оқулықпен және анықтама әдебиеттерімен жұмыс жүргізу тәсілдері ұсынылады, осының барлығы графикалық жұмысты орындауға жол ашады. Тапсырманы орындауда қиындық туғызатын студенттерге дайын алгоритмді қолданып берілген тапсырманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарт қаулысын пайдаланғанын қарап орындауға рұқсат етіледі. Алгоритмді қолдануды ұсынғанда оларды орындаудың кезеңдері плакаттарда және нұсқауларда көрсетілумен мәліметті ауызша талдауы беріледі [1, б. 43].

Студенттің назары жұмысты орындаудың нақтылығын сақтау, сапалылығына кепіл беретінін және еңбекті жақсы көретін адамның сапасы болатынына аударылады. Жұмыстың осындай түрі репродуктивті болады және сабақтың графикалық негізін үйренуді бірнеше рет қайталаумен автоматтандырылған әдетке айналдырып, мақсат қойып материалды сол деңгейде үйренуге жол береді. Осылай бұл әрекет тәсілдері есте сақталады және есте сақтау дамиды, ал нақты орындалып жатқан жұмысқа полиэлементті алгоритмді салу үшін ой қалыптасады. Сондықтан репродуктивті деңгейдегі жұмысты орындағанда, студенттерде сызылатын үлгінің кеңістікте көрсетілімі дамиды, сызбаны орындаудың жолы меңгеріледі, бұл студент ойының дамығаны туралы белгі береді. Графикалық тапсырманы орындау үшін студенттерге пәннің теориясы бойынша білімін көрсететін қосымша сабақ ұсынады. Жұмысты орындау барысында оқытушы көрініп тұрған қателікке назар аударады: сондай-

ақ, қосымша назар талап ететін студенттермен барынша нақты деңгейінде қосымша сабақтар жүргізіледі (орындау тәсілі үлгіленеді, нақты сызбалық жұмыстың түрі шығарылады). Студенттердің графикалық жұмысты іске асыруда әрекеттің негізгі тәсілдерін орындаудың нақтылығына және реттілігіне көңіл бөлінеді, ол үшін аталған амал-тәсілдерді қолданатын сабақтар ауызша және тұрақты қайталаынады [2, б. 76].

Білімденудің тәсілі ретінде кредиттік технология тұлғаның жеке ізденімпаздық қажетсіну уәжін іске қосу іскерлігін шыңдауға қозғау салады. Ал педагогикалық технология ұжымдық іс-әрекетке бағдар жасайды. Осы екі түрлі ұстанымды ажыратып алған жағдайда оқу орнының білімденудің инновациялық технологиясы деген ұғымды дұрыс түсінуге болады. «Инновация» ұғымы «жаңаша оқыту» мәселесін жүзеге асырады. Бұл орайда жаңаша оқыту жүйесін мемлекеттік және әлемдік стандарт аясындағы көш басы технологияларды бүгінгі Қазақстан Республикасының өңіріне бейімдеп алу секілді амалды іске асыру қарастырылады [3, б. 64].

Студент қандай дидактикалық нысан, пән арқылы білім алса да, әлемге дүниетанымы біртұтас жүйеде қалыптасады. Студент семинар, тәжірибелік сабақтарда мәселені өздігінен табатын дәрежеде болып, оның шешімін альтернативті мәнде қарастырады. Бұндай білім жүйесін меңгеру үдерісінде студент комбинаторлы амалға төселеді. Білімнің шығармашылық деңгейде меңгеруі энциклопедиялық білімге ынталандырады. Білім мазмұны – дидактиканың негізі. Олай болса, оқыту тірі адамға тән әрекет, ал дидактикалық негіз – білім теориясы мен оқыту теориясының қосындысы. Міне, осы дидактикалық негіздің жүйесін құру, қосудың теориялық әдіснамасына негіздейміз. Сөйтіп, пән оқытушысы міндетті түрде оқыту және білім беру теориясын біріктіріп, оның қажеттілігін анықтауға ұмтылуы – білім заңының басты ұстанымы [4, б. 47].

Соңғы жылдары ғылыми-техникалық ілгерілеушілік жедел қарқынмен қарыштап дамуына байланысты «Инженерлік сызба» пәнінің алатын орны айтпаса да түсінікті. Геометрия субъектінің ой-өрісін дамытуға, оның болашақ

өмірінің нұсқалы, конструктивті, өнімді де нәрлі болуына септігін тигізеді. Оның әмбебап және арнайы графикалық амалдары, технологиясы болашақ мамандықты оқыту үдерісі арқылы меңгеруге бейімдеуді автоматты жобалауға, оны жүйеге түсіруге, күрделі техниканың нысандарын дайындау іскерлігіне, оның құрылымын құрастыруды кеңінен қолданыс табуына қозғаушы күш.

Оқыту үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды заман талабына сай енгізу білім берушілердің парызы болып саналады.

Список литературы

1. Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология: Учебное пособие / Д.В. Чернилевский, А.В. Морозов. – М.: Традиция; Академия Проект, 2004. – 560 с.
2. Чошанов М.А. К вопросу о проблемно-модульном обучении. Среднее специальное образование. – 1991. – №. 3. – С. 10–13.
3. Юцявичене П.А. Теория и практика модульного обучения. – Каунас: Швиеса, 1989. – 272 с.
4. Ермоленко В.А. Система разработки вариативно-модульной учебно-программной документации для профессионального обучения безработных граждан, незанятого населения и высвобождаемых работников / В.А. Ермоленко, Т.Т. Новикова, П.Н. Новиков [и др.]. – М., 1995. – 50 с.